10	ДОБ жол техникасын және құрылғыларын жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған шеберханалар, шартты жөндеу саны 10-нан бастап 20-ға дейін	бір шартты жөндеу	2 374	317	0,22	1,11

Жүктерді қабылдау, жинау және жөнелтуге арналған құрылыстар

1 Бағалар оларды қойма құрылыстары кешенінен тыс жобалау жағдайлары үшін жүктерді қабылдау және беру пунктерін, сондай-ақ теміржол қабылдау пунктер және маневрлік құрылғыларды қамтитын рельс жанындағы қоймаларды жобалауға келтірілген.

2 Бағаларда қабылдау пунктерінен тыс теміржолдарды жобалау ескерілмеген.

3 Көмекші-өндірістік және қызмет көрсету мақсатындағы объектілерді жобалау, сондай-ақ жеке дайындаудағы және стандартталмаған жабдыққа арналған техникалық талаптарды әзірлеу жұмыстардың тиісті түрлерінде ескерілген.

4 Қоймалар, қабылдау пунктері және маневрлік құрылғылардың қажеттіліктері үшін зауыттар мен базалардың жөндеу-пайдалану, санитарлық-тұрмыстық және басқа да қосалқы қызметтерін пайдалану кезінде бағалар 0,8 коэффициентпен қабылданады.

5 Қойманың ашық түрімен бетон толтырғыштар қоймаларының жобасын әзірлеу құны 0,5 коэффициентпен, Жұмыс жобасы –0,95 коэффициентпен 1705-0506-04-кестенің 7-10-поз. бағалары бойынша қабылданады. Аралас қоймаларда (жабық және ашық типтер), көрсетілген коэффициенттер қойманың ашық бөлігіне пропорционал Жобалар және Жұмыс жобаларын әзірлеу құнының бөлігіне қолданылады.

6 Қойма кешенінің құрамында бірнеше қоймаларды, сондай-ақ қойма құрылыстары кешенінен тыс бірнеше қабылдау пунктер және маневрлік құрылғыларды жобалау кезінде екінші және кейінгі құрылыстарға арналған бағалар 0,75 коэффициентпен қабылданады.

1705-0506-04-кесте – Жүктерді қабылдау, жинау және жөнелтуге арналған құрылыстар

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Өрт-жарылыс қауіпті түйіршіктелген минералдық тыңайтқыштар қоймасы (қайта тиеу тораптары бар қабылдау құрылғысымен және көліктік желілермен), сыйымдылығы:	-	-	-	-	-
1	3,5-тен бастап 5 мың т дейін	1 мың т	12 300	4 026	0,34	1,17
2	5-тен астам 10 мың т дейін	1 мың т	22 783	1 926	0,34	1,17
3	10-нан астам 15 мың т дейін	1 мың т	34 553	748	0,34	1,17

1705-0506-04-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Ұнтақ тәрізді материалдардың сүрлемдік қоймасы (қайта тиеу тораптары бар қабылдау құрылғысымен және газ-материал өткізгіштермен), сыйымдылығы:	-	-	-	-	-
4	1-ден бастап 3 мың т дейін	1 мың т	15 283	2 170	0,34	1,16
5	3-тен астам 9 мың т дейін	1 мың т	16 096	1 900	0,34	1,17
6	9-дан астам 12 мың т дейін	1 мың т	23 836	1 039	0,34	1,17
	Бетон толтырғыштар қоймасы (тоңазыған және қатқан толтырғыштарды механикаландырған түсірумен жарактандырылған әмбебап қабылдау пунктімен, автомобильдік қабылдау құрылғысымен, қоймамен және беру жолымен) сыйымдылығы:	-	-	-	-	-
7	3-тен бастап 6 мың м³ дейін	1 мың м³	10 209	4 274	0,34	1,17
8	6-дан астам 9 мың м³ дейін	1 мың м³	26 240	1 600	0,34	1,17
	Қатты отынды өткізу қалалық (аудандық) тобы қоймасы (түсіру эстакадасымен, отын қоймасымен және ағаш өнімін бөлшектеу пунктімен), жүк айналымы:	-	-	-	-	-
9	45-тен бастап 85 мың т дейін жылына шартты отын	1 мың т жылына шартты отын	9 452	52	0,34	1,17
10	85-тен астам 150 мың т дейін жылына шартты отын	1 мың т жылына шартты отын	11 135	30	0,34	1,17
	Бетон толтырғыштарды механикаландырылған қабылдау пункті (қабылдау құрылғысымен, тоңазыған және қатқан жүктерді механикаландырған түсірумен, сондай-ақ беру жолымен жарактандырылған), жүк айналымы:	-	-	-	-	-
11	100-ден бастап 200 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	4 161	30	0,34	1,17
12	200-ден астам 400 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	4 557	30	0,34	1,17
13	400-ден астам 600 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	8 261	22	0,34	1,17
	Минералдық тыңайтқыштарды механикаландырылған қабылдау пункті (қабылдау құрылғысымен, вагондарға механикаландырылған қызмет көрсетумен және беру жолымен жарактандырылған), жүк айналымы:	-	-	-	-	-

1705-0506-04-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
14	10-нан бастап 25 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	11 383	122	0,34	1,17
15	25-тен астам 75 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	13 400	43	0,34	1,17
16	75-тен астам 100 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	13 596	39	0,34	1,17
17	Тарту арбасымен маневрлік құрылғы	1 құрылғы	1 826	-	0,34	1,17

Автоматика және телемеханика жеке объектілері (ДОБ)

1 Бағалар ішкі теміржолдар және станциялардың автоматика және телемеханика жеке объектілерін (ДОБ) жобалауға келтірілген.

1705-0506-05-кесте – Автоматика және телемеханика жеке объектілері (ДОБ)

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Локомотивтен жебелерді басқару құрылғысы, жебелер саны:	-	-	-	-	-
1	1-ден бастап 3-ке дейін	1 жебе	530	391	0,25	1,14
2	3-тен астам 10-ға дейін	1 жебе	765	309	0,25	1,14
	Бағыттарды автоматтық белгілеу құрылғылары, жебелер саны:	-	-	-	-	-
3	1-ден бастап 3-ке дейін	1 жебе	270	304	0,25	1,14
4	3-тен астам 10-ға дейін	1 жебе	470	239	0,25	1,14
5	ЭО-ны салмақты жүктерді тиеу-түсіру шептерімен байланыстыр құрылғысы	1 желі	339	-	0,25	1,14

Ескертпе –Жобалаудың барлық кезеңдерінде жобалық-сметалық құжаттама бөлімдерінің және жобалау жұмыстарының түрлерінің құнын бөлу: ДОБ – 90%, смета –10%.

Автомобильдік көлік**Кірме және ішкі автомобильдік жолдар**

1 Бағалар өнеркәсіптік кәсіпорындардың кірме және ішкі автомобильдік жолдарын жобалауға келтірілген.

2 Бағаларда бірегей габариттік емес және ауыр салмақты жүктерді арнайы жылжымалы құрамда тасымалдауға арналған жолдар және басқа да құрылыстарды, қалалық типтегі елді мекендердің көшелері арқылы өтетін жолдарды, жолдарды жарықтандыру, автоматтық дабыл және қозғалысты реттеу, арнайы байланыс жолы және автокөліктік қызметтер, автомобильдік жолдардың тозаңдануына қарсы күрес бойынша іс-шаралар және құрылыстарды жобалау ескерілмеген.

3 Кірме жолдарға кәсіпорынды жалпы пайдаланудағы жолдармен, басқа да кәсіпорындармен теміржол станцияларымен және порттармен біріктіретін және жалпы пайдаланудағы жолдарда айналысына рұқсат берілетін автокөліктік құралдарын өткізуге есептелетін автожолдар жатады.

Ішкі автожолдарға мыналар жатқызылды: *

- өнеркәсіптік кәсіпорындардың немесе олардың жеке өндірісінің өзара шарттасқан аумақтарын қосатын және негізінен технологиялық тасымалдауды қамтамасыз ететін алаңаралық жолдар;

- өнеркәсіптік кәсіпорындар аумағында орналасатын және аумақты жоспарлау элементтері болып табылатын алаң ішілік жолдар;

- орман массивтері аумағында орналасатын және ағаш дайындау кәсіпорындарының жүктерін тасымалдауды қамтамасыз ететін ағаш тасу жолдары (магистралдар, тармақтар);

- өнеркәсіптік көліктің арнайы түрлерінің желілері (конвейерлік, аспалы жолдар, гидравликалық, пневмоконтейнерлік), энергиямен жабдықтау және басқа да коммуникациялар желілері бойында орналасатын қызметтік және патрульдік автомобильдік жолдар, сондай-ақ қосалқы және шаруашылық жүктерін тасымалдауды және өрт сөндіру машиналарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін гараждарға, жанар-жағар май құю пунктеріне, қоймаларға және т. б. кірме жолдар.

4 Бағалар автомобильдік жолдарының түріне, жобалаудың күрделілік санаттарына және техникалық санаттарына байланысты белгіленді.

*(карьерлік жолдарды жобалау құны Бағалар жинағының тиісті салалық бөлімдерінің карьерлерін жобалауға арналған бағалар бойынша анықталады).

Кірге жолдардың техникалық санаты

Жолдың санаты	Қозғалыстың есептік қарқындылығы, тәулігіне автомобиль.	
	жеңіл автомобильге келтірілген	физикалық бірліктерде
II	6000-нан астам 14000-ға дейін	3000-нан астам 7000-ға дейін
III	2000-нан астам 6000-ға дейін	1000-нан астам 3000-ға дейін
IV	200-ден астам 2000-ға дейін	100-ден астам 1000-ға дейін
V	200-ге дейін	100-ге дейін

Алаңаралық, алаңшілік, қызметтік және патрульдік жолдардың техникалық санаты

Жолдың санаты	Жолдың түрі	Екі бағыттағы тасымалдардың есептік көлемі, млн. т, брутто жылына
I–B	Өндірістік	1,2-ден астам
II–B	– “ –	0,3-тен астам 1,2-ге дейін
III–B	– “ –	0,3-ке дейін
IV–B	Қызметтік және патрульдік	–

Ағаш тасу жолдарының техникалық санаты

Жолдың санаты	Жолдың түрі	Екі бағыттағы тасымалдардың есептік көлемі, млн. т, брутто жылына
I–Л	Магистралдар	1000-нан астам
II–Л	– “ –	500-ден астам 1000-ға дейін
III–Л	– “ –	150-ден астам 500-ге дейін
IV–Л	– “ –	150-ге дейін
–	Ағаш тасу тармақтары	–

Автомобильдік жолдарды жобалаудың күрделілік санаты

Жобалаудың күрделілік санаты	Жобалау күрделілігінің сипаттамасы
1	а) жазық немесе кіші қыратты жер б) жоспардағы жолдың қисық учаскелерінің ұзақтығы 30 %-дан астам емес в) жоғары және төмен жерлердің белгілер айырымы трассаның 1 км 20 м аспайды, еңістігі 1:10 құлама емес
2	а) қыратты, жыра желісімен опырылған жер б) тау бөктеріндегі, жер бедері әлісіз бөлшектенген жер в) күрделі емес табиғи шарттармен шөлейтті аудандар г) батпақ, тереңдігі 3 м дейін д) жоспардағы жолдың қисық учаскелерінің ұзақтығы 50 %-дан астам емес е) жоғары және төмен жерлердің белгілер айырымы трассаның 1 км 50 м аспайды, еңістігі 1:5 құлама емес ж) жол өтпелерге немесе өзендердің алқабына кіреберістер VI-VII сынып
3	а) тау бөктеріндегі, жер бедері қатты бөлшектенген жер б) таулы жер немесе бөктерлік жолдар, еңістігі 1:5-ден астам в) тұманды батпақты жер г) ағыстары, есік арналары және көлдері жоқ, I-V сынып өзендерінің жайылмалары, тереңдігі 6 м дейін су басқан немесе жайылмадағы жер жабынының биіктігі 12 м дейін алқаптар д) күрделі табиғи шарттармен шөлейт және шөлді аудандар е) жоғары және төмен жерлердің белгілер айырымы трассаның 1 км 50 м астам ж) құрылыс салынған аумақ з) батпақ, тереңдігі 3 м астам

Сол немесе басқа да санатқа жатқызу көрсетілген белгілердің бірі бойынша жүргізіледі.

1 Бірнеше кірме немесе ішкі жолдарды бір уақытта жобалау кезінде әрбір объектіні жобалау құны оның ұзақтығына және жобалаудың күрделілік санатына сәйкес жеке анықталады.

Бұл ретте бір объект үшін мыналар қабылданады:

- кірме жол;
- алаңаралық жол;
- ағаш тасу жолы;
- қызметтік жол;

- патрульдік жол;
 - кәсіпорын алаңынан тыс орналасатын гаражға, қоймаға және т. б. кірме жол;
 - автожол кешенінен тыс жобаланатын жасанды құрылысқа кіреберістердің әрқайсысы;
 - негізгі кірме, алаңаралық, ағаш тасу, қызметтік немесе патрульдік автожолға кірме жолдар;
 - оған жанасу орнында немесе оның кірме, алаңаралық, ағаш тасу, қызметтік немесе патрульдік автожолмен қиылысу орнында автожол учаскесі;
 - алаңшiлiк автожолдар және кәсіпорын немесе өндіріс алаңының шеңберінде жиынтық аудан бойынша алаңдар.
- 2 Техникалық санаттары және жобалаудың күрделілік санаттары әртүрлі учаскелерден тұратын жолдарды (объектілер) жобалау бір объект шеңберінде автожолдың жалпы ұзақтығына сүйене отырып, жеке учаскелердің құнын жиынтықтаумен анықталады.
- 3 Әрбір бағыттағы қозғалыс үшін бөлінген жер төсемімен жолдың учаскелерін жобалау құны бөлінген жер төсемімен учаскелердің жиынтық ұзақтығына сәйкес келетін бағалар бойынша анықталады.
- 4 Бағалар жолдарды қозғалыстың екі жолағында жобалауды ескереді.
- Жолақтардың саны көп болғанда II, III, IV, I-в, II-в, III-в, I-л, II-л және III-л санаттар жолдарының бағалары 1,1, бір жолақтыда – 0,85 коэффициентпен қабылданады.
- 5 Бағалар IV, III-в және II-л санаттарының жолдарын жобалауды ескереді.
- Басқа да жолдарды жобалау құны келесі коэффициенттермен анықталады:
- 1,3 –II және I-в санаттарының жолдар үшін;
 - 1,2 –III, II-в және I-л санаттарының жолдар үшін;
 - 0,9 –V, IV-в және III-л санаттарының жолдар үшін;
 - 0,8 –IV-л санатының жолдар үшін;
 - 0,6 – ағаш тасу тармақтары үшін.
- 6 Суландыру жүйесі болған кезде автомобильдік жолдарды жобалау құны 1,4 коэффициентті қолдана отырып, анықталады.
- 7 Есептік автомобильдің ені 2,75 м астам болғанда бағалар 1,2 коэффициентпен қабылданады.
- 8 Ұзақтығы 20 км астам кірме, қызметтік, патрульдік және алаңаралық жолдарды жобалау құны 1705-0505-01-кестенің бағалары бойынша қабылданады.
- 9 Жолдардың Жобасын және Жұмыс жобасының бекітілетін бөлігін әзірлеу құны кемінде 1 км үшін қабылданады.

1705-0506-06-кесте –Кірме және ішкі автомобильдік жолдар

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Кірме, қызметтік немесе патрульдік автожол, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
1	0,2-ден бастап 2км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	722	1 474	0,31	1,16
2	2-ден астам 5 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	2 030	822	0,31	1,16
3	5-тен астам 12 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	2 857	657	0,31	1,16
4	12-ден астам 20 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	4 126	548	0,31	1,16
	Алаңаралық автожол, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
5	0,2-ден бастап 2 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	991	2 313	0,29	1,15
6	2-ден астам 5 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	3 083	1 270	0,29	1,15
7	5-тен астам 12 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	4 339	1 017	0,29	1,15
8	12-ден астам 20 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 км	6 322	852	0,29	1,15
	Жоспарланған аумақтағы алаңшiлiк автожолдар және алаңдар, өту бөлігінің ауданы:	-	-	-	-	-
9	2-ден бастап 10 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 мың м²	835	187	0,29	1,15
10	10-нан астам 25 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 мың м²	1 317	135	0,29	1,15
11	25-тен астам 60 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 мың м²	1 878	113	0,29	1,15
	Кірме, қызметтік немесе патрульдік автожол, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
12	0,2-ден бастап 2 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	1 039	1 752	0,31	1,16
13	2-ден астам 5 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	2 522	1 013	0,31	1,16
14	5-тен астам 12 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	3 544	809	0,31	1,16
15	12-ден астам 20 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	5 052	683	0,31	1,16
	Алаңаралық автожол, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
16	0,2-ден бастап 2 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	1 383	2 322	0,29	1,15
17	2-ден астам 5 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	3 391	1 317	0,29	1,15
18	5-тен астам 12 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	4 713	1 052	0,29	1,15
19	12-ден астам 20 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 км	6 778	878	0,29	1,15
	Жоспарланған аумақтағы алаңшiлiк автожолдар және алаңдар, өту бөлігінің ауданы:	-	-	-	-	-
20	2-ден бастап 10 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 мың м²	1 052	226	0,29	1,15
21	10-нан астам 25 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 мың м²	1 826	148	0,29	1,15
22	25-тен астам 60 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 мың м²	2 474	122	0,29	1,15
	Кірме, қызметтік немесе патрульдік автожол, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
23	0,2-ден бастап 2 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	1 304	1 839	0,31	1,16
24	2-ден астам 5 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	2 878	1 052	0,31	1,16

1705-0506-06-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
25	5-тен астам 12 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	3 970	835	0,31	1,16
26	12-ден астам 20 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	5 557	700	0,31	1,16
	Алаңаралық автожол, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
27	0,2-ден бастап 2 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	1 665	2 335	0,29	1,15
28	2-ден астам 5 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	3 665	1 335	0,29	1,15
29	5-тен астам 12 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	5 018	1 065	0,29	1,15
30	12-ден астам 20 км дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 км	7 161	887	0,29	1,15
	Жоспарланған аумақтағы алаңшыл автожолдар және алаңдар, өту бөлігінің ауданы:	-	-	-	-	-
31	2-ден бастап 10 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 мың м²	1 209	265	0,29	1,15
32	10-нан астам 25 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 мың м²	2 270	161	0,29	1,15
33	25-тен астам 60 мың м² дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 мың м²	2 996	130	0,29	1,15

Сусыма жүктерге арналған қабылдау пункті

1 Бағалар оларды қоймалар құрылыстарының кешенінен тыс жобалау жағдайы үшін сусыма жүктерге арналған механикаландырылған автомобильдік қабылдау пунктерін жобалауға келтірілген.

2 Бағаларда қабылдау пунктінің алаңынан тыс автомобильдік кірме жолдарды жобалау ескерілмеген.

3 Көмекші-өндірістік және қызмет көрсету мақсатындағы объектілерді жобалау, сондай-ақ жеке дайындаудағы және стандартталмаған жабдыққа арналған техникалық талаптарды әзірлеу жұмыстардың тиісті түрлерінде ескерілген.

1705-0506-07-кесте –Механикаландырылған автомобильдік қабылдау пункті

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Механикаландырылған автомобильдік пункт, жүк айналымы:	-	-	-	-	-
1	10-нан бастап 30 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	3 922	39	0,34	1,17
2	30-дан астам 60 мың т дейін жылына	1 мың т жылына	4 913	9	0,34	1,17
Ескертпе – Қабылдау пунктілерінің қажеттіліктері үшін зауыттар мен базалардың жөндеу-пайдалану, санитарлық-тұрмыстық және басқа да қосалқы қызметтерінің қуаттарын пайдалану кезінде бағалар 0,8 коэффициентпен қабылданады.						

7-тарау Аспалы жолдар

1 Бағалар аспалы жолдар құрылысы үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге келтірілген:

а) шеңберлік және маятниктік екі аспалы жүк жолдары;

б) тіркемесі ажыратылмайтын креслолармен және кабиналармен аспалы маятниктік және бір аспалы жолаушылар жолдары.

2 Тіркемесі ажыратылатын вагонеткалармен (креслолармен, кабиналармен) жүк (жолаушылар) бір аспалы жолдарын жобалау құны жүк аспалы жолдарға арналған бағалар бойынша анықталады.

3 Таулы жерде шөп, шай және цитрус өнімдерін тасымалдауға арналған жүк аспалы жолдарын жобалау құны келесі коэффициентті қолдана отырып, жүк екі аспалы жолдарына арналған бағалар бойынша анықталады:

– 0,15 – жеңіл тасымалды жолдар үшін;

– 0,7 – жолаушылар маятниктік аспалы жолдарының топтап дайындалатын жабдығын қолдана отырып, орындалған жолдар үшін.

4 Шаңғышылар үшін сүйрету аспалы жолдарын жобалау құны 0,35 коэффициентті қолдана отырып, тіркемесі ажыратылмайтын креслолармен және кабиналармен бір аспалы жолаушылар жолына арналған бағалар бойынша анықталады.

5 Аспалы жолды жобалау ұзақтығы «х» км желіні жобалау құнынан және станцияларды жобалау құнынан жиынтықталады.

6 Қосарланған аспалы жолдарды жобалау құнын анықтау кезінде бағаларға 1,5 коэффициент қолданылады. Қосарланған аспалы жол болып біріккен станциялармен жалпы тіректерде екі жолтабаны бар жол есептеледі.

Конвейерлік поездардың сызықтық бөлігін жобалау құны қосарланған аспалы жолдардың құнын анықтау үшін белгіленген тәртіпте 1705-0507-01-кестенің бағалары бойынша анықталады. Электр жетекті станцияларды жобалау құны 1705-0507-04-кестенің бағалары бойынша қосымша анықталады. Гидрожетекті станцияларды жобалау құны «Құрылысы үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағы» деген 1-кіші бөлімнің 8-бөлімі бойынша қосымша анықталады.

7 Соңғы немесе өтпелі станцияларда аспалы жолдың негізгі желісінен тармақ жеке жол ретінде қарастырылады.

8 Бағаларда аспалы жолдарды сыртқы сумен жабдықтауды әзірлеу, сондай-ақ санитарлық-техникалық құрылғыларды жобалау ескерілмеген.

Жүк аспалы жолдар

1 Бағалар топтамамен дайындалатын механикалық жабдықты қолдана отырып, өнімділігі 450-ге дейін т/сағат жүк аспалы жолдары, үлгілік тіректер және үлгілік сызықтық станциялар үшін келтірілген. Бағаларда өндірістік ғимараттарға қоса салынған станциялардың, сондай-ақ темірбетоннан салынған станциялардың құрылыс бөлімін әзірлеу ескерілмеген.

1705-0507-01-кесте – Аспалы жол желілері

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері b, мың теңге	K1	K2
	Аспалы жол желісі, II санат ұзақтығы:	-	-	-	-	-
1	1-ден бастап 3 км дейін	1 км	2 944	4 648	0,17	1,08
2	3-тен астам 5 км дейін	1 км	11 096	1 930	0,17	1,08
3	5-тен астам 10 км дейін	1 км	14 074	1 335	0,17	1,08
4	10-нан астам 20 км дейін	1 км	14 670	1 278	0,17	1,08
5	20-дан астам 50 км дейін	1 км	20 618	978	0,17	1,08
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Аспалы жолдар желілерін жобалаудың күрделілік санаты:</p> <p>- I санат – жазық және қиылысы аз жердегі аспалы жолдар;</p> <p>- II санат – таулы жердегі аспалы жолдар және үйінділік аспалы жолдар.</p> <p>2 Бағалар II күрделілік санаты үшін келтірілген.</p> <p>I күрделілік санатының желісін жобалау құны 0,85 коэффициентті қолдана отырып, кестенің бағалары бойынша анықталады.</p> <p>3 Қорғау құрылыстарының қондырғысын талап ететін 25 м жоғары тіректер, үлгілік емес сызықтық станциялар немесе қиылыстардың саны көп болған кезде 1 км желіні жобалау құны 1,3 коэффициентті қолдана отырып, кестенің бағалары бойынша анықталады.</p> <p>4 Ұзақтығы 1 км аз аспалы жол желісі ұзақтығы 1 км желі ретінде бағаланады.</p>						

1705-0507-02-кесте –Аспалы жол станциялары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
1	Тиеу станциясы	станция	4 518	0,17	1,09
2	Өтпелі (бұрыштық) автоматтық станция	станция	2 161	0,17	1,09
3	Өтпелі (бұрыштық) жетекті станция	станция	4 783	0,17	1,09
4	Түсіру станциясы	станция	4 978	0,17	1,09
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 3 және одан астам шығаберстері бар тораптық станцияларды және екі белдеулік станцияларды жобалау құны 1,5 коэффициентті қолдана отырып, кестенің 3-поз. бойынша анықталады.</p> <p>2 Эстакадаларды жобалау құны жобалау жұмыстарының еңбекті қажетсінуіне байланысты 0,5-тен бастап 1,5-ке дейін коэффициентті қолдана отырып, кестенің 2-поз. бойынша анықталады.</p>					

Жолаушылар маятниктік аспалы жолдары

12. Бағалар сыйымдылығы 40 жолаушы вагондармен маятниктік жолаушылар жолдары үшін келтірілген. Сыйымдылығы аз вагондармен жолдарды жобалау кезінде бағаларға 0,7 коэффициент қолданылады.

13. Жолдың құрамында дербес жетекпен құтқару жолы болған кезде бағаларға 1,1 коэффициент қолданылады.

1705-0507-03-кесте –Аспалы жол желісі

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Маятниктік жолаушылар аспалы жолы желісі, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
1	1-ден бастап 3 км дейін	1 км	3 639	4 226	0,2	1,1
2	3-тен астам 5 км дейін	1 км	4 331	3 996	0,2	1,1
Ескертпелер: 1 Тіректердің саны аспалы жолдың 1 км екіден астам болғанда кестенің бағаларына 1,3 коэффициент қолданылады. 2 Ұзақтығы 1 км аз аспалы жол желісі ұзақтығы 1 км желі ретінде бағаланады.						

1705-0507-04-кесте – Аспалы жол станциялары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	К1	К2
1	Жетекті станция	1 станция	6 235	0,2	1,1
2	Тартпалы станция	1 станция	5 291	0,2	1,1
Ескертпе –Кестенің бағаларында станциялардың сәулет-құрылыс бөлімі ескерілмеген.					

Жолаушылар аспалы жолдары

1705-0507-05-кесте –Аспалы жол желісі

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Тіркемесі ажыратылмайтын креслолармен және кабиналармен бір аспалы жолаушылар жолының желісі, ұзақтығы:	-	-	-	-	-
1	1-ден бастап 3 км дейін	1 км	1 509	2 552	0,3	1,15
2	3-тен астам 5 км дейін	1 км	4 148	1 674	0,3	1,15
Ескертпе –Ұзақтығы 1 км аз аспалы жол желісі ұзақтығы 1 км желі ретінде бағаланады.						

1705-0507-06-кесте – Аспалы жол станциялары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	К1	К2
1	Жетекті станция	1 станция	3 835	0,3	1,15
2	Тартпалы станция	1 станция	2 644	0,3	1,15

8-тарау Аспалы крандар (кабельдік крандар)

1 Бағалар аспалы крандар (кабельдік крандар) құрылысы үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге келтірілген.

2 Бағаларда келесі жұмыстар ескерілген:

- таңдалған нұсқаның экономикалық негіздемесімен нұсқаларды әзірлеу;
- арқандар және жабдықты ауыстыруды механикаландыруды әзірлеу бойынша;
- жеке дайындаудағы жабдықтың нобайлық сызбаларын және бұл жабдыққа арналған конструкторлық құжаттаманы әзірлеуге қойылатын бастапқы талаптарды әзірлеу;

– эстакадалық крандардың кранасты жолдарын және мұнаралы крандар кранасты жолдарының жоғарғы құрылыстарын әзірлеу;

– конструкциялар мен жабдықты құрастырды және монтаждауды жеңілдету үшін арнайы элементтерді әзірлеу.

3 Бағаларда мыналарды жобалау құны ескерілмеген:

- қосалқы құрылыстар;
- іргетастарды монтаждау, зәкірлерді, бетон негіздегі кранасты жолдар, жасанды негіздердегі машиналық үй-жайлар мен тіректердің іргетастарын монтаждау;

– арнайы (тірексіз, көп аралықты) аспалы (кабельдік) крандарды, сондай-ақ жүк көтергіштігі 500 кН (50 т) астам крандарды әзірлеу.

4 Бағалар мұнараларының биіктігі 60 м дейін, жүк көтергіштігі 160 кН (16 т) бастап 500 кН (50 т) дейін 500 м дейін ілгекті бір белдеулік аспалы аралықтардың құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін келтірілген.

5 Аралықтары 500-ден бастап 1000 м дейін аспалы (кабельдік) крандарды жобалау кезінде бағаларға 1,15 коэффициент, 1000 м астам аралықтар үшін –1,25 коэффициент қолданылады.

6 Грейферлік аспалы крандарды (кабельдік крандар) жобалау кезінде бағаларға 1,3 коэффициент қолданылады.

7 Жұпталған (қосарланған) аспалы (кабельдік) - радиалдық, қатарлас-жылжымады эстакадалық және стационарлық крандарды жобалау кезінде бағаларға 1,5 коэффициент қолданылады.

Екіден астам аспалы (кабельдік) кранның әрбір кейінгі тармағының құны 0,25 коэффициентпен бағалар кестесі бойынша анықталады.

8 Екі белдеулік аспалы (кабельдік) крандарды жобалау кезінде бағаларға 1,1 коэффициент қолданылады.

9 Жүк көтергіштігі 100 кН (10 т) бастап 160 кН (16 т) дейін аспалы (кабельдік) крандарды жобалау кезінде жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу бағасы жүк көтергіштігі 160 кН (16 т) үшін сияқты қолданылады, ал жүк көтергіштігі 100 кН (10 т) төмен аспалы крандар үшін бағаға 0,8 коэффициент қолданылады.

10 Мұнараларының (эстакада дінгектері) биіктігі 60-тан бастап 120 м дейін аспалы (кабельдік) крандарды жобалау кезінде бағаларға 1,2 коэффициент; 120 м астам –1,35 коэффициент қолданылады.

11 Дінгектері ауытқыған стационарлық аспалы крандарды (кабельдік крандар) жобалау кезінде бағаларға 1,5 коэффициент қолданылады.

1705-0508-01-кесте – Аспалы крандар (кабельдік крандар)

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Мұнаралы, қатарлас-жылжымалы және радиалды, ілгекті аспалы (кабельдік) крандар, жүк көтергіштігі 160-тан бастап (16) 320-ға дейін (32)	1 кН (т)	61 741	217	0,24	1,12
2	Эстакадалық, қатарлас-жылжымалы және радиалды, ілгекті аспалы (кабельдік) крандар жүк көтергіштігі 160-тан бастап (16) 250-ге дейін (25)	1 кН (т)	64 028	309	0,29	1,15
3	Аспалы (кабельдік) крандар Стационарлық, мұнаралы (дінгекті), ілгекті, жүк көтергіштігі, 160-тан бастап (16) 320-ға дейін (32)	1 кН (т)	18 009	174	0,25	1,12

9-тарау Жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелері

1705-0509-01-кесте –Жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	БП және БЕК-мен жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі, жүйедегі қиылыстар саны:	-	-	-	-	-
1	10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	2 414	1 667	0,77	1,16
2	20-дан астам 30-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	7 255	1 429	0,72	1,15
3	30-дан астам 40-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	14 516	1 184	0,69	1,14
4	40-тан астам 50-ге дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	27 035	873	0,67	1,13
5	50-ден астам 60-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	38 396	648	0,64	1,13
	БЕК-сіз БП-мен жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі, жүйедегі қиылыстар саны:	-	-	-	-	-
6	10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	2 559	1 607	0,69	1,14
7	20-дан астам 30-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	7 685	1 349	0,69	1,14
8	30-дан астам 40-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	16 209	1 065	0,69	1,14
9	40-тан астам 50-ге дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	25 606	833	0,66	1,13
10	БП-сіз жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі жүйедегі қиылыстар саны 10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты I	1 қиылыс	1 852	787	0,69	1,14

1705-0509-01-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	БП және БЕК-мен жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі, жүйедегі қиылыстар саны:	-	-	-	-	-
11	10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	2 698	1 964	0,77	1,16
12	20-дан астам 30-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	8 108	1 693	0,72	1,15
13	30-дан астам 40-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	16 209	1 422	0,69	1,14
14	40-тан астам 50-ге дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	32 709	1 005	0,67	1,13
15	50-ден астам 60-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	40 533	853	0,64	1,13
	БЕК-сіз БП-мен жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі, жүйедегі қиылыстар саны:	-	-	-	-	-
16	10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	2 983	1 891	0,69	1,14
17	20-дан астам 30-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	8 954	1 587	0,69	1,14
18	30-дан астам 40-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	19 641	1 237	0,69	1,14
19	40-тан астам 50-ге дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	29 469	979	0,66	1,13
20	БП-сіз жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі жүйедегі қиылыстар саны 10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты II	1 қиылыс	1 984	926	0,69	1,14
	БП және БЕК-мен жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі, жүйедегі қиылыстар саны:	-	-	-	-	-
21	10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	2 844	2 361	0,78	1,16
22	20-дан астам 30-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	9 391	2 037	0,73	1,15
23	30-дан астам 40-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	18 775	1 719	0,69	1,14
24	40-тан астам 50-ге дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	38 390	1 230	0,67	1,13
25	50-ден астам 60-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	53 349	926	0,64	1,13
	БЕК-сіз БП-мен жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі, жүйедегі қиылыстар саны:	-	-	-	-	-
26	10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	3 551	2 268	0,69	1,14
27	20-дан астам 30-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	10 674	1 911	0,69	1,14
28	30-дан астам 40-қа дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	23 054	1 501	0,69	1,14
29	40-тан астам 50-ге дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	36 981	1 151	0,66	1,13
30	БП-сіз жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі жүйедегі қиылыстар саны 10-нан бастап 20-ға дейін, жобалаудың күрделілік санаты III	1 қиылыс	2 268	1 124	0,69	1,14

Ескертпелер:

1 Жергілікті қиылстарды жобалау құны 0,5 коэффициентпен 10,20,30-поз. бойынша қабылданады.

2 БП – басқару пункті

3 БЕК – басқару есептеу кешені

6-кіші бөлім Автомобильдік көлік кәсіпорындары

Бағаларды қолдану жөніндегі нұсқаулар

1 Осы бөлімнің бағалары жылжымалы құрамды сақтау, күн сайынғы қызмет көрсету, техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеуге, жүктерді қайта өңдеуге және жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған автомобильдік көлік кәсіпорындары, ғимараттары мен құрылыстарын жеке жобалауды көздейді.

2 Бөлімнің бағаларында қазандықтар, су жинау және су дайындау құрылыстары, су өткізу және кәріздік сорғы станциялары, қысымды жерасты сулары болған кезде өнеркәсіптік алаң кәрізі, жерасты коммуникацияларын тоттанудан қорғау, жоғары кернеулі электрмен жабдықтау тарату құрылғыларын жобалау және жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу технологиялық процестерін әзірлеу құны ескерілмеген.

3 Технологиялық жобалаудың республикалық нормаларында қамтылмаған еңбекті қажетсіну және жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу мерзімділігі бойынша бастапқы технологиялық деректерді жинау және өңдеу құнын автомобильдің бір негізгі үлгісіне, агрегаттар жиынтығына «Жоба» кезеңінде технологиялық бөлімнің құнынан 15% мөлшерде «жоба» және «жұмыс жобасы» кезеңдерінде қосымша анықтау керек.

4 1705-0601-01-кестенің 1–62-поз. және 1705-0601-03-кестенің 1–11-поз. бағаларында өнімділігі 5-тен астам м³/мин компрессорлық станцияларды және ацетилен станцияларын жобалау құны ескерілмеген, оны Бөлімнің тиісті кіші бөлімдері бойынша қосымша анықтау керек.

5 Осы бөлімге енгізілген кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құны құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүгізудің тораптық әдісіін қолдану кезінде 1,1 коэффициентпен анықталады.

6 Бөлімнің бағаларында жылжымалы құрамды жууды (синтетикалық жуғыш заттарды қолданбай) айналымды сумен жабдықтау, өндірістік және жаңбырлық ағындарды тазарту құрылыстарын жобалау құны ескерілген.

7 Бөлімнің бағаларында, 75–92-поз. басқа сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындары мен бөлімшелерін, киноландыру қондырғыларын және мәжіліс залдарының сахнасын механикаландыруды жобалау құны ескерілмеген.

8 63–66-поз. бағаларында автовокзалдар және автостанциялар аумақтарынан шығу және кіру орындарында қозғалысты реттеудің бағдаршам дабылын жобалау құны ескерілмеген. Көрсетілген жұмыстардың құны тиісті Бөлімнің бағалары бойынша анықталуға тиіс.

9 Жылжымалы құрамның аралас паркіне (жеңіл, жүк автомобильдер және автобустар) арналған кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құнын келесі коэффициентпен анықтау керек:

–екі түрі үшін – 1,11;

–үш түрі үшін – 1,14.

10 Жылжымалы құрамның әртүрлі негізгі үлгілеріне арналған кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құнын келесі коэффициентпен анықтау керек:

–екі үлгі үшін – 1,07;

- үш үлгі үшін – 1,14;
- төрт және одан астам үлгілер үшін – 1,18.

Бұл коэффициенттер 1705-0601-02-кестенің 1-18-поз. қатысты болмайды.

11 Отынның әралуан түрлерінде жұмыс істейтін қозғалтқыштармен автомобильдерге арналған кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құнын 1-кестеде көрсетілген коэффициентпен анықтау керек.

1-кесте

Отын түрі	Кестелер және позиция №	Жобалаудың еңбекті қажетсінуі бағасына коэффициент
Этилденбеген бензин	1705-0601-01-кесте 1–62, 93–97-поз.; 1705-0601-02-кесте 1-13, 26-34-поз.; 1705-0601-03-кесте 1–4, 8–11-поз.	0,93
Дизельдік отын (этилденген бензин)	– " –	1
Сығылған мұнай және сығылған табиғи газ	– " –	1,18

12 Жол талғамайтын өзі аударатын автомобильдерге арналған кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құнын 1,5 коэффициентпен қабылдау керек.

13 Бөлшектенген автобустарды сақтау, қызмет көрсету және жөндеуге арналған кәсіпорындар, сондай-ақ жеке ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құнын 1,35 коэффициентпен қабылдау керек.

14 Жылжымалы құрамды пайдаланудың табиғи-климаттық шарттарына байланысты кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау құнын келесі коэффициентпен қабылдау керек:

- бір қалыпы-жылы– 0,93;
- ылғалды, жылы ылғалды, ыстық құрғақ, бір қалыпты, бір қалыпты-суық – 1;
- суық, өте ыстық құрғақ, өте суық – 1,11.

15 Қойма үй-жайларында жүкті қайта өңдеу көлеміне байланысты жүк автомобильдік станцияларын жобалау құнын былайша қабылдау керек:

- 40%-дан аз – 0,85;
- 40% – 1;
- 40%-дан астам – 1,25.

16 Автомобильдер қозғалтқыштарының типіне байланысты автожөндеу кәсіпорындарын және олардың корпустарын жобалау құнын келесі коэффициентпен қабылдау керек:

- карбюраторлық – 0,9;
- дизельдік – 1.

17 Көп функционалдық мақсаттағы (мысалы, күрделі жөндеу элементтерімен автокөліктік кәсіпорны) автомобильдік көлік ғимараттары мен құрылыстарын жобалау құнын тапсырыс берушімен келісім бойынша 1,1-ден бастап 1,25-ке дейін арттыру коэффициентін қолдана отырып, осы бөлімнің бағалары бойынша анықтау керек.

18 Құрылыс алаңын таңдау құны «жоба» құнынан былайша анықталады:

- автокөліктік кәсіпорындар – $K = 0,07$;
- автожөндеу зауыттары – $K = 0,03$.

19 Жерүсті ағын суларды және автомобильдер жуудан шыққан ағындарды тазарту құрылыстарын жобалауға арналған бағаларда қалдықтарды жағу, шөгіндіні және мұнай өнімдерін зарарсыздандыру бойынша құрылыстарды, құрылыс конструкцияларын тоттануға қарсы қорғау бойынша іс-шараларды жобалау құны ескерілмеген.

1-тарау Автомобильдік көлік кәсіпорындары
1705-0601-01-кесте –Автомобильдік көлік кәсіпорындары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Жүк а/м автокөлік кәсіпорындары, жабық тұрақпен:	-	-	-	-	-
1	50 автомобиль	кәсіпорын	37 758	-	0,28	1,08
2	50-ден астам 100-ге дейін автомобиль	автомобиль	26 880	218	0,28	1,08
3	100-ден астам 300-ге дейін автомобиль	автомобиль	37 061	116	0,28	1,08
4	300-ден астам 400-ге дейін автомобиль	автомобиль	53 900	60	0,28	1,08
	Жүк а/м автокөлік кәсіпорындары, ашық тұрақпен:	-	-	-	-	-
5	50 автомобиль	кәсіпорын	34 995	-	0,28	1,08
6	50-ден астам 100-ге дейін автомобиль	автомобиль	23 962	221	0,28	1,08
7	100-ден астам 300-ге дейін автомобиль	автомобиль	36 634	94	0,28	1,08
8	300-ден астам 400-ге дейін автомобиль	автомобиль	58 926	20	0,28	1,08
	Автобустар автокөлік кәсіпорындары, жабық тұрақпен:	-	-	-	-	-
9	100 автобус	кәсіпорын	61 708	-	0,27	1,11
10	100-ден астам 200-ге дейін автобус	автобус	52 022	97	0,27	1,11
11	200-ден астам 300-ге дейін автобус	автобус	53 739	88	0,27	1,11
12	300-ден астам 400-ге дейін автобус	автобус	56 072	80	0,27	1,11
	Автобустар автокөлік кәсіпорындары, ашық тұрақпен:	-	-	-	-	-
13	100 автобус	кәсіпорын	55 786	-	0,27	1,11
14	100-ден астам 200-ге дейін автобус	автобус	46 424	94	0,27	1,11
15	200-ден астам 300-ге дейін автобус	автобус	46 822	92	0,27	1,11
16	300-ден астам 400-ге дейін автобус	автобус	67 219	24	0,27	1,11
	Жеңіл автомобильдер автокөлік кәсіпорындары:	-	-	-	-	-
17	200 автомобиль	кәсіпорын	32 011	-	0,28	1,1
18	200-ден астам 300-ге дейін автомобиль	автомобиль	23 862	40	0,28	1,1
19	300-ден астам 500-ге дейін автомобиль	автомобиль	27 980	27	0,28	1,1
20	500-ден астам 600-ге дейін автомобиль	автомобиль	29 902	23	0,28	1,1
21	600-ден астам 1000-ға дейін автомобиль	автомобиль	32 969	18	0,28	1,1
	Жүк а/м ТҚАП негізгі кәсіпорындары, жабық тұрақпен:	-	-	-	-	-
22	600 автомобиль	кәсіпорын	61 938	-	0,33	1,1
23	600-ден астам 1000-ға дейін автомобиль	автомобиль	36 074	43	0,33	1,1
24	1000-нан астам 1400-ге дейін автомобиль	автомобиль	46 170	33	0,33	1,1
25	1400-ден астам 1600-ге дейін автомобиль	автомобиль	46 712	33	0,33	1,1
	Жүк а/м ТҚАП негізгі кәсіпорындары, ашық тұрақпен:	-	-	-	-	-

1705-0601-01-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
26	600 автомобиль	кәсіпорын	52 771	-	0,35	1,11
27	600-ден астам 1000-ға дейін автомобиль	автомобиль	35 253	29	0,35	1,11
28	1000-нан астам 1400-ге дейін автомобиль	автомобиль	38 497	26	0,35	1,11
29	1400-ден астам 1600-ге дейін автомобиль	автомобиль	44 467	22	0,35	1,11
	Автобустар ТҚАП негізгі кәсіпорындары, жабық тұрақпен:	-	-	-	-	-
30	600 автобус	кәсіпорын	88 690	-	0,24	1,07
31	600-ден астам 800-ге дейін автобус	автобус	81 576	12	0,24	1,07
	Автобустар ТҚАП негізгі кәсіпорындары, ашық тұрақпен:	-	-	-	-	-
32	600 автобус	кәсіпорын	63 516	-	0,29	1,12
33	600-ден астам 800-ге дейін автобус	автобус	29 887	56	0,29	1,12
	Жүк а/м ТҚАП филиалы, жабық тұрақпен:	-	-	-	-	-
34	100 автомобиль	кәсіпорын	25 066	-	0,27	1,1
35	100-ден астам 200-ге дейін автомобиль	автомобиль	2 556	225	0,27	1,1
36	200-ден астам 300-ге дейін автомобиль	автомобиль	32 800	74	0,27	1,1
	Жүк а/м ТҚАП филиалы, ашық тұрақпен:	-	-	-	-	-
37	100 автомобиль	кәсіпорын	23 246	-	0,29	1,11
38	100-ден астам 200-ге дейін автомобиль	автомобиль	4 796	185	0,29	1,11
39	200-ден астам 300-ге дейін автомобиль	автомобиль	30 884	54	0,29	1,11
	Автобустар ТҚАП филиалы, жабық тұрақпен:	-	-	-	-	-
40	100 автобус	кәсіпорын	24 167	-	0,29	1,12
41	100-ден астам 200-ге дейін автобус	автобус	11 403	128	0,29	1,12
42	200-ден астам 300-ге дейін автобус	автобус	23 555	67	0,29	1,12
	Автобустар ТҚАП филиалы, ашық тұрақпен:	-	-	-	-	-
43	100 автобус	кәсіпорын	21 663	-	0,3	1,12
44	100-ден астам 200-ге дейін автобус	автобус	11 349	103	0,3	1,12
45	200-ден астам 300-ге дейін автобус	автобус	22 682	46	0,3	1,12
	Жүк а/м ТҚБО:	-	-	-	-	-
46	600 автомобиль	кәсіпорын	42 207	-	0,37	1,11
47	600-ден астам 800-ге дейін автомобиль	автомобиль	14 587	46	0,37	1,11
48	800-ден астам 1200-ге дейін автомобиль	автомобиль	43 948	9	0,37	1,11
	Автобустар ТҚБО:	-	-	-	-	-
49	600 автобус	кәсіпорын	45 590	-	0,37	1,11
50	600-ден астам 1200-ге дейін автобус	автобус	32 347	22	0,37	1,11

1705-0601-01-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Жүк а/м үшін бекеттік техникалық қызмет көрсету оңалту орындары:	-	-	-	-	-
51	100 автомобиль	кәсіпорын	8 012	-	0,29	1,25
52	100-ден астам 200-ге дейін автомобиль	автомобиль	5 264	27	0,29	1,25
53	200-ден астам 400-ге дейін автомобиль	автомобиль	8 175	13	0,29	1,25
	Жүк а/м үшін лекті техникалық қызмет көрсету оңалту орындары:	-	-	-	-	-
54	100 автомобиль	кәсіпорын	5 325	-	0,41	1,26
55	100-ден астам 200-ге дейін автомобиль	автомобиль	4 473	9	0,41	1,26
56	200-ден астам 400-ге дейін автомобиль	автомобиль	4 605	8	0,41	1,26
	Автобустар үшін лекті техникалық қызмет көрсету оңалту орындары:	-	-	-	-	-
57	100 автобус	кәсіпорын	6 569	-	0,29	1,14
58	100-ден астам 200-ге дейін автобус	автобус	3 267	33	0,29	1,14
59	200-ден астам 400-ге дейін автобус	автобус	7 667	11	0,29	1,14
	Автобустар үшін бекеттік техникалық қызмет көрсету оңалту орындары:	-	-	-	-	-
60	100 автобус	кәсіпорын	10 801	-	0,25	1,17
61	100-ден астам 200-ге дейін автобус	автобус	9 335	15	0,25	1,17
62	200-ден астам 400-ге дейін автобус	автобус	9 603	13	0,25	1,17
	Автовокзалдар:	-	-	-	-	-
63	100 жолаушы	автовокзал	15 421	-	0,17	1,06
64	100-ден астам 1000-ға дейін жолаушы	жолаушы	8 827	66	0,17	1,06
	Жолаушылар станциялары:	-	-	-	-	-
65	25 жолаушы	станция	3 141	-	0,32	1,28
66	25-тен астам 75-ке дейін жолаушы	жолаушы	1 866	51	0,32	1,28
	Жүк автостанциялары:	-	-	-	-	-
67	300 т жүк тасымалы тәулігіне	жүк автостанциясы	15 588	-	0,21	1,17
68	300-ден астам 500 т дейін жүк тасымалы тәулігіне	жүк тасымалы т/тәулік	9 794	19	0,21	1,17
69	500-ден астам 750 т дейін жүк тасымалы тәулігіне	жүк тасымалы т/тәулік	12 808	13	0,21	1,17
	А/м агрегаттары мен тораптарын ауыстыру пунктері:	-	-	-	-	-
70	5-тен бастап 10 мыңға дейін автомобильдер	мың а/м	3 555	141	0,16	1,06
71	10-нан астам 15 м дейіннің автомобильдер	мың а/м	3 679	128	0,16	1,06
	А/м және автобустарға арналған жабық тұрақтар:	-	-	-	-	-

1705-0601-01-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
72	30 автомобиль	тұрақ	4 618	-	0,17	1,1
73	30-дан астам 100-ге дейін автомобиль	автомобиль	2 760	62	0,17	1,1
74	100-ден астам 200-ге дейін автомобиль	автомобиль	8 150	8	0,17	1,1
	Толық жиынтықты жүк а/м жөндеу жөніндегі зауыттар:	-	-	-	-	-
75	жылына 3 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	зауыт	147 659	-	0,23	1,07
76	жылына 3-тен астам 5 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	келт. күрд. жөнд. жылына	115 558	11	0,23	1,07
77	жылына 5-тен астам 7 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	келт. күрд. жөнд. жылына	139 083	6	0,23	1,07
78	жылына 7-ден астам 10 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	келт. күрд. жөнд. жылына	161 457	2,75	0,23	1,07
	Жүк а/м және автобустардың күштік агрегаттарын жөндеу жөніндегі зауыттар:	-	-	-	-	-
79	10 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу жылына	зауыт	110 598	-	0,3	1,09
80	10-нан астам 20 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	83 003	2,75	0,3	1,09
81	20-дан астам 40 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	117 811	0,99	0,3	1,09
	Жүк а/м және автобустардың негізгі агрегаттарын жөндеу жөніндегі зауыттар:	-	-	-	-	-
82	10 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу жылына	зауыт	112 092	-	0,27	1,09
83	10-нан астам 20 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	96 938	1,55	0,27	1,09
84	20-дан астам 40 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	100 247	1,34	0,27	1,09
	Дайын агрегаттар негізінде автобустарды жөндеу жөніндегі зауыттар:	-	-	-	-	-
85	0,5 мың күрделі жөндеу жылына	зауыт	89 541	-	0,38	1,12

1705-0601-01-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
86	0,5-тен астам 1 мыңға дейін күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	62 350	54	0,38	1,12
87	1-ден астам 1,5 мыңға дейін күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	91 480	25	0,38	1,12
88	1,5-тен астам 2 мыңға дейін күрделі жөндеу жылына	келт. күрд. жөнд. жылына	91 927	25	0,38	1,12
	Күштік агрегатты қоса алғанда, жеңіл а/м агрегаттарын жөндеу жөніндегі зауыттар:	-	-	-	-	-
89	жылына 10 мың келтірілген күрделі жөндеу	зауыт	101 995	-	0,3	1,09
90	жылына 10-нан астам 15 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	келт. күрд. жөнд. жылына	72 414	2,96	0,3	1,09
91	жылына 15-тен астам 20 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	келт. күрд. жөнд. жылына	101 697	0,99	0,3	1,09
92	жылына 20-дан астам 40 мыңға дейін келтірілген күрделі жөндеу	келт. күрд. жөнд. жылына	101 829	0,99	0,3	1,09
	Азаматтарға тиесілі жеңіл автомобильдер ТҚҚО-сы:	-	-	-	-	-
93	5 бекет	станция	24 571	-	0,34	1,11
94	5-тен астам 10-ға дейін бекет	бекет	20 528	809	0,34	1,11
95	10-нан астам 15-ке дейін бекет	бекет	20 898	772	0,34	1,11
96	15-тен астам 20-ға дейін бекет	бекет	23 231	616	0,34	1,11
97	20-дан астам 30-ға дейін бекет	бекет	34 159	70	0,34	1,11

1705-0601-02-кесте –Автомобильдік көлік кәсіпорындары(жалғасы)

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Азаматтарға тиесілі автокөліктің жабық бір қабатты тұрақтары:	-	-	-	-	-
1	1500 м²	тұрақ	10 046	-	0,16	1,07
2	1500-ден астам 3500 м² дейін	м²	8 341	1,13	0,16	1,07
3	3500-ден астам 5000 м² дейін	м²	10 282	0,56	0,16	1,07
4	5000-нан астам 10000 м² дейін	м²	10 699	0,49	0,16	1,07
5	10000-нан астам 15000 м² дейін	м²	12 068	0,35	0,16	1,07
	Азаматтарға тиесілі автокөліктің жабық көп қабатты тұрақтары:	-	-	-	-	-
6	1500 м²	тұрақ	7 154	-	0,21	1,09
7	1500-ден астам 3500 м² дейін	м²	5 798	0,92	0,21	1,09
8	3500-ден астам 5000 м² дейін	м²	7 589	0,42	0,21	1,09
9	5000-нан астам 10000 м² дейін	м²	7 962	0,28	0,21	1,09
10	10000-нан астам 15000 м² дейін	м²	8 211	0,28	0,21	1,09
	Азаматтарға тиесілі автокөліктің жерасты тұрақтары:	-	-	-	-	-
11	1500 м²	тұрақ	9 128	-	0,11	1,05
12	1500-ден астам 3500 м² дейін	м²	7 043	1,41	0,11	1,05
13	3500-ден астам 5000 м² дейін	м²	7 761	1,2	0,11	1,05
	Азаматтарға тиесілі автокөліктің ашық тұрақтары:	-	-	-	-	-
14	500 м²	тұрақ	1 690	-	0,46	1,17
15	500-ден астам 1500 м² дейін	м²	1 584	0,21	0,46	1,17
16	1500-ден астам 3500 м² дейін	м²	1 624	0,14	0,46	1,17
17	3500-ден астам 5000 м² дейін	м²	1 647	0,14	0,46	1,17
18	5000-нан астам 10000 м² дейін	м²	1 713	0,14	0,46	1,17
	Сығылған табиғи газда жұмыс істейтін а/м баллондарын мерзімді куәландыру және осы газда жұмыс істейтін автомобильдердің отын жүйелерін сынау бойынша пункттері:	-	-	-	-	-
19	жылына 1,5 мың автомобильдер	пункт	37 529	-	0,29	1,18
20	жылына 1,5-тен астам 3 мыңға дейін автомобильдер	автомобиль	29 508	5,36	0,29	1,18
21	жылына 3-тен астам 5 мыңға дейін автомобильдер	автомобиль	37 549	2,68	0,29	1,18
22	жылына 5-тен астам 8 мыңға дейін автомобильдер	автомобиль	44 266	1,27	0,29	1,18
23	жылына 8-ден астам 11 мыңға дейін автомобильдер	автомобиль	45 854	1,13	0,29	1,18
	Автомектептер:	-	-	-	-	-
24	100 оқушы	автомектеп	12 246	-	0,4	1,2
25	100-ден астам 200-ге дейін оқушы	оқушы	9 225	30	0,4	1,2

1705-0601-02-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Жүк а/м күн сайынғы қызмет көрсету оңалту орны	-	-	-	-	-
26	1 желі	профилакторий	16 499	-	0,39	1,15
27	2 желі	профилакторий	16 936	-	0,39	1,15
28	3 желі	профилакторий	18 767	-	0,39	1,15
	Жеңіл а/м күн сайынғы қызмет көрсету оңалту орны:	-	-	-	-	-
29	1 желі	профилакторий	14 259	-	0,43	1,19
30	2 желі	профилакторий	16 400	-	0,43	1,19
31	3 желі	профилакторий	16 719	-	0,43	1,19
	Автобустарға күн сайынғы қызмет көрсету оңалту орны:	-	-	-	-	-
32	1 желі	профилакторий	19 558	-	0,33	1,14
33	2 желі	профилакторий	21 344	-	0,33	1,14
34	3 желі	профилакторий	23 978	-	0,33	1,14
	Облыстық көлік-пайдалану кәсіпорындары (КПК):	-	-	-	-	-
35	I санат (халық саны 500 мыңнан астам тұрғын қалалар үшін)	кәсіпорын	15 641	-	0,28	1,11
36	II санат (халық саны 300-ден астам 500 мыңға дейін тұрғын қалалар үшін)	кәсіпорын	14 674	-	0,28	1,11
37	III санат (халық саны 100-ден бастап 300 мыңға дейін тұрғын қалалар үшін)	кәсіпорын	12 843	-	0,28	1,11
	Аудандық көлік-пайдалану кәсіпорындары (КПК):	-	-	-	-	-
38	I санат	кәсіпорын	10 272	-	0,32	1,11
39	II санат	кәсіпорын	9 837	-	0,32	1,11
40	III санат	кәсіпорын	5 035	-	0,32	1,11
41	Автоайлақтар	автоайлақ	6 376	-	0,53	1,1
	Диагностикалық станциялар:	-	-	-	-	-
42	жылына 10 мың автомобильдер	станция	5 444	-	0,66	1,3
43	жылына 30 мың автомобильдер	станция	6 949	-	0,66	1,3
44	жылына 60 мың автомобильдер	станция	10 239	-	0,66	1,3
	Жағар-жанармай құю пунктері:	-	-	-	-	-
45	2 бағана	пункт	573	-	0,6	1,36
46	3 бағана	пункт	788	-	0,6	1,36
47	4 бағана	пункт	981	-	0,6	1,36
48	6 бағана	пункт	1 254	-	0,6	1,36
Ескертпе –26-34-поз. бағалары «жүк, жеңіл автомобильдер және автобустарға кешенді қызмет көрсету оңалту орындарын» жобалауға қатысты болмайды.						

1705-0601-03-кесте – Кешеннен тыс жобаланатын автомобильдік көлік кәсіпорындарының жеке ғимараттары мен құрылыстары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу өндірістік корпустары:	-	-	-	-	-
1	600 автомобиль	корпус	16 007	-	0,5	1,2
2	600-ден астам 800-ге дейін автомобиль	автомобиль	12 106	6,49	0,5	1,2
3	800-ден астам 1000-ға дейін автомобиль	автомобиль	15 081	2,75	0,5	1,2
